

**Тастемирова Бактыгуль Ельденовнаның
«6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия докторы PhD
дәрежесін алуға ұсынылған «Тобыл өзені алабындағы су жинау аймағына шекті-техногендік жүктемені
геоэкологиялық негіздеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылы 28-інші қаңтарында бекіткен «Қазақстанның 2020-2030 жылдар аралығында су ресурстарын басқару және су қауіпсіздігінің мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасының жобасы» бойынша қарастырылған нысаналы сынақтық көрсеткіштеріне негізделіп, АР05131448 бастамашыл жобасы «Қазақстанның табиғи ресурстарын экологиялық бағалау негізінде аграрлық ландшафттарды құрудың теориялық және әдіснамалық негіздері» ғылыми жұмысы аясында орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, атап айтқанда, Тобыл өзені алабының аймақтарындағы су ресурстарын шаруашылыққа пайдаланудың қолданыстағы құрылымына, халықтың қоныстануына және сушаруашылық саласының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты, суды пайдалануды бағалаудың теориялық-әдістемелік жүргісі және ретпен орындау қажеттігін белгілейтін желі ұсынылған, өзеннің гидрологиялық режиміне климаттық және антропогендік дәлелдемелердің әсерін бағалау бойынша, оның өзгеру	

			бағыты айқындалған, су ресурстарын экономика саласына пайдалануды бағалау арқылы, олардың қызметінің антропогендік сапалық өзгеріске алып келетіндігі дәлелденген, табиғатты пайдаланудың қағидаларының негізінде өзеннің сужинау алабының аймағының және тұрғындарының меншікті сумен қамтамасыз ету дәрежесін, сушаруашылық және гидрохимиялық тенгермелерін бағалаудың теориялық әдістемесі жетілдірілген, өзеннің аймақтарындағы қазіргі кездегі су ресурстарын экономика саласына пайдаланудың көрсеткіштерінің негізінде құрылған сзыбықтық трендтердің тендеулерін пайдалану арқылы, олардың болашақта сумен қамтамасыз етуді бағалау, кеңістік-уақыт масштабында өзеннің сушаруашылық аймақтары, әкімшілік аудандары мен қалалардың шеңберінде ұсынылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Dиссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, себебі жұмысты өзі жазу қагидасты, диссертациялық жұмысты орындау барысындағы Қостанай облысының Статистика департаменті, «Қазгидромет» РМК және Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстары комитетінің «Тобыл-Торғай су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» мекемесінің үзак мерзімдегі (1934-2020 жылдар) климаттық, гидрологиялық, гидрохимиялық, сушаруашылық, демографикалық ақпараттық-талдамалық мәліметтерінің негізінде құрылған ақпараттық-талдау қорын және зерттеудің әдістемелік желісін, оларды бағалауға арналған математикалық модельдер жүйесін құруға және оларды пайдалану арқылы, өзен алқабының су ресурстарын пайдаланудың аймақтық ерекшеліктерін айқындауға және қол жеткізген зерттеу нәтижесін ғылыми баспаларға дайындауға айрықша (жоғары дәрежеде) қосқан үлестеріне негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Негізделген, себебі Тобыл өзеннің сужинау алабына орналасқан Қазақстан Республикасына Қостанай облысының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайының орнықтылығын қамтамасыз ету өзектілігі, оның су

	<p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>ресурстарының климаттың өзгеруінің және антропогендік қызметтердің әсерінен қалыптасуын, су қорларын өндіріске, ауылшаруашылығына және түрмистық қажеттіліке пайдаланудың ерекшеліктерін, сужинау алабына түсетін негізгі және қосымша техногендік жүктемелердің деңгейін бағалау арқылы негізделген.</p> <p>Айқындауды, себебі диссертациялық жұмыс төрт тараудан, яғни «Суды пайдаланудың геоэкологиялық жағдайларын зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі», «Тобыл өзені сужинау алабының гидрологиялық режиміне климаттық және антропогендік дәлелдемелердің әсері», «Тобыл өзені сужинау алабының антропогендік жүктемесін бағалау», «Тобыл өзені сужинау аумақтарында ұзак мерзімді суды пайдалану болжамы», оның мазмұны мен құрылымының біртұтас және бірін-бірі толықтырады.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты - Тобыл өзені су жинау алабының су пайдалану саласындағы басқару қызметінің шешімдерін ықтималдау үшін, оның су ресурстарының қалыптасуын және пайдалануын геоэкологиялық түрғыда бағалау мақсатын айқындау үшін қарастырылған міндеттер: өзенінің су жинау алабының аймағының суды пайдалану және сумен қамтамасыз ету тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаларын талдау және жинақтау арқылы, аймақтың сушаруашылық қызметін бағалауға арналған әдістемелік жүйесін құру; гидрологиялық режиміне климаттық және антропогендік дәлелдемелердің қызметінің әсерін, климаттың өзгеруін ескеру арқылы талдау және бағалау; суды пайдаланудың қалыптасуын, табиғи және антропогендік жүктемелердің әсерін әкімшілік-аймақтың ерекшеліктерін сипаттамасы бойынша талдау және бағалау; суды пайдалдану ерекшеліктерін ескере отырып, сушаруашылық және геохимиялық тенгерменің, түрғындар және өлкенің сумен қамтамасыз ету көрсеткіштерінің математикалық моделін құру; Қостанай облысының әкімшілік аудандары мен қалаларының даму тұжырымдамасы бойынша, су ресурстарын</p>
--	---	--

			ұтымды пайдалану және басқару мақсатындағы ұсыныстар дайындау диссертациялық жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Толық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан, яғни Тобыл өзенінің сужинау алабының климаттық, гидрологиялық, гидрохимиялық және сушаруашылық жағдайының қалыптасу және өзгеру жағдайын сипаттау арқылы, оның табиғи-экологиялық түрғыда шаруашылық қызметтің және табиғи-техногендік ортаның сапасын бағалау біртұтас жүйелік желіден туындастын болғандықтан, жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы жағынан ішкі бірлігі толықтай сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сынни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жұмыста сынни талдау бар, себебі автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) жан-жақты дәлелденіп, қолданыста жүрген шешімдермен салыстырылып бағаланған, яғни өзеннің гидрологиялық режиміне климаттық және антропогендік қызметтердің әсерін бағалау бойынша ұзақ жыл аралығындағы өзгеру бағыты және қарқыны, суды пайдаланудың табиғи шарттастық жағдайы және олардың қызметтің антропогендік сапалық өзгеріске алып келетіндігі, өзеннің су жинау алабы аймағының және түрғындарының меншікті сумен қамтамасыз ету дәрежесін, сушаруашылық және гидрохимиялық тенгермелерін бағалаудың математикалық моделі жаратылыстану ілімінің экологиялық заңдылықтарынан және қағидаларынан туындастын болғандықтан, сынни талдау бар деп қарастыруға болады.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Толығымен жаңа, себебі жұмыстың фылыми жаңашылдық қағидалары, яғни климаттың өзгеруіне байланысты, қазіргі қалыптасқан табиғи және антропогендік жағдайдағы орташа жылдық су ағынының өтімінің ұзақ мерзімді кезеңінде белгіленген кеңістіктік-уақыттық масштабындағы өзгеруінің нәтижелері, қазіргі кездегі түрғындар және экономика саласының суды тұтыну сұранысының өзен алабының су ресурстарының әлеуетінің арасындағы қалыптасқан аймақтық

			<p>сәйкесіздігінің дәлелдемесі, болашақтағы су ресурстарын пайдалану, тұрмыстық, ондірістік және ауылшаруашылығының қызметтердің дәрежесімен, сонымен қатар халық санының есуі және экологиялық ағынның сандық мәнін есепке алу, болжаудың маңызды алғышарты болып табылатындығы, «климаттың – гидрологиялық ағынның-антропогендік қызмет-техногендік жүктеменің» жүйелік желісі шеңберінде жүзеге асырылғандықтан ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Толығымен жаңа, себебі диссертацияның қорытындылары өзеннің су жинау алабы аймағының су-ресурстық әлеуетін ландшафттық-ойлық жүргіде бағалау дәйекті түрде жүзеге асырылатын келесі құрылымдық-логикалық желінің негізінде құрылған: гидрологиялық ағынның табиғи шарттастық сипаттамасы және табигаты пайдалану жүйесі, олардың климаттық және антропогендік дәлелдемелердің әсерінен өзгергіштігі, су ресурстарын пайдалану тиімділігі және сумен қамтамасыз ету дәрежесін және сапасын бағалауға арналған теориялық-әдістемелік жүргісінен және оның құрамдық бөлшектерінің математикалық моделдерін құрудан туындастын болғандықтан толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Толығымен жаңа, себебі диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экологиялық және экономикалық шешімдері өзеннің сужинау алабы аймағының табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және орнықты даму қағидасының негізінде, өзеннің гидрологиялық режимінің климаттық және шаруашылық қызметтің әсерінен өзгеруін, шаруашылық қызметтердің даму бағытын және қарқынын, олардың табиғи ортасының сапасына әсерін бағалауға және аймактың сумен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған математикалық моделге негізделгендейдікten жаңа болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде	<p>Толықтай негізделген, себебі жұмыстың негізгі қорытындыларының негізділігі, өзеннің сужинау алабының ұзақ мерзімдегі климаттық, гидрологиялық және</p>

		негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	шаруашылық қызметтері көрсеткіштерінің негізінде құрылған ақпараттық қорын жан-жақты жүйелеу, талдау және бағалау арқылы құрылған зерттеу қорының сапалық және сандық көрсеткіштеріне және оларды бағалауға арналған математикалық моделдері арқылы айқындалғандықтан, барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> дәлелденді; шамамен дәлелденді; шамамен дәлелденбеді; дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> и亞; жок <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> и亞; жок <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> тар; орташа; кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> и亞; жок 	<p>7.1 Жұмыста қағидаттар дәлелденген;</p> <p>7.2 Жұмыста көлтірілген қағидаттар тривиалды емес;</p> <p>7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа;</p> <p>7.4 Қағидаттарды қолдану деңгейі ауқымды.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша 14 ғылыми еңбек, оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарынан 5 мақала, халықаралық Scopus базасына енген журналда 1 мақала және 8 мақала ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған, яғни мақалаларда қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> и亞; жок 	Ия, жұмыста әдіснама нақты жазылған, яғни диссертациялық жұмыстың 1 бөлімінде, Тобыл өзенінің су жинау алабындағы су ресурстарының қалыптасу және оны экономика саласына пайдалану ерекшеліктеріне байланысты тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаларын талдау және жинақтау арқылы, аймактың сушаруашылық қызметін бағалауға арналған әдістемелік жүйесін құрылғанғандықтан, негізделген немесе әдіснама нақты жазылған деп қарасты болады.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндешу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия, диссертация жұмыста репрезентативтік кезеңнің барлық есептелген көрсеткіштерін санап шығу үшін Excel 2000 электрондық кестелерінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылылған және оның сыйбалық сұлбалары мен сзызықтық трендтерінің тендеулері Microsoft Excel бағдарламасы арқылы құрастырылылған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия, жұмыстың теориялық қорытындылары, математикалық моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар Костанай облысының Статистика департаменті, «Қазгидромет» РМК және Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігінің құрамындағы «Тобыл-Торғай су ресурстарын пайдалану мен коргауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» дайындаған жылдық есептегі климаттық, гидрологиялық және шаруашылық қызметтің жер-су ресурстарын пайдалану көрсеткіштері бойынша ұзақ мерзімді ақпараттық-талдамалық мәліметтерінің (1931-2020 жылдар) негізінде құрылған зерттеу қоры арқылы дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Жұмыстың құрамындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертацияда отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен құралған 106 дереккөздердің тізімі келтірілгендейдіken, пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және өзекті мәселелерді жеткілікті түрде қамтылған.</p> <p>Ия, диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі жұмыстың құрамында өзеннің сужинау алабының сумен қамтамасыз ету дәрежесін кешенді бағалауға арналып құрылған әдістемелік</p>

		<p>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>нұсқамен және судың сапасын бағалауға арналып құрылған теориялық-әдістемелік жүргісі және оның құрамындағы бөліктегінің математикалық моделдер жүйесімен дәлелденген.</p> <p>Ия. Жұмыстың практикалық маңызыдылығы Тобыл өзені су жинау алабының аймақтарының су ресурстарын пайдалану және қорғауды басқару шешімдерінің тиімділігі мен сапасын арттырудың қолданбалы мәселелерін шешуге бағытталған және зерттеу барысында алынған су ресурстарын пайдаланудың құрылымы мен өзгеруі туралы мәліметтер қоры, оның су ресурстарын экологиялық тұрғыда қолайлы пайдалануды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге арналған әдістемелерді, өзеннің сужинау алабының табиғи ресурстарман қамтамасыз ету дәрежесін бағалауға арналған ірге-тасты әдістеме есебінде қарастыруға болатындықтан, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп қарастыруға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі, климаттық, гидрологиялық, гидрохимиялық және сушарауашылық көрсеткіштерін кешенді зерттеудің алынған нәтижелері су шаруашылығы мекемелерінде өзеннің сужинау алабының табиғи ресурстарын басқару жүйесін жақсартуда, ұзак-мерзімде су ресурстарын тиімді пайдалануды жоспарлауға және су көздерін қорғау мәселелерін шешуде қолдануға негізделген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары, себебі Таствемирова Бактыгуль Ельденовнаның «6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға ұсынылған «Тобыл өзені алабындағы су жинау аймағына шекті-техногендік жұқтемені геоэкологиялық негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі дербес, бірегей және аяқталған жұмыс. Оны философия докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына жауап беретін</p>

		болжандықтан, Тастемирова Бактыгуль Ельденовнаны «6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.
--	--	--

Ресми рецензент:

Қазақстанның Ұлттық су әріптестігі төрағасының орынбасары
экономика ғылымдарының кандидаты, профессор



Тлеулесова А.И.